



Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады



№3 (1362)  
25 наурыз  
2008 жыл

# ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ



Т.Ә.ҚОЖАМҚҰЛОВ,  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры

## ӘЗ-НАУРЫЗЫМ, АҚТАЙ ЖАРЫЛҚА!

Құрметті әріптестер мен студенттер!!!

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың Ұлыстың Ұлы күні ақжарқын Астана төрінде «Жаңа Жыл Наурыз мейрамынан бастау алады. Түптің түбінде біз осы мерекені қарсы алуды 1 қаңтарда емес, дәл Ұлыстың Ұлы күнінде атап өтуге келеміз. Сол уақытта ресми түрде жеті күн демалыс жариялауымыз да мүмкін» деуі дүбірлі төл мейрамымызда мерейімізді үстем еткені белгілі. Сонымен қатар, бұл жер дүниені анандан жаңа туғандай бусантып, жан дүниемізді елітіп соны леп есе келетін Жаңа Жыл басы Наурыздың ерекше ықыласқа ие екендігін көрсетеді.

Жабырқаған көңілімізді күн нұрының шуағымен шомылдырып, әр жанды қуанышқа бөлеп, бауырмалдыққа шақырып, «Ақтай жарылқа!» деп ақпейіл, адалдықтың еншісіне бойлатқан Ұлыстың Ұлы мейрамы баршамыз үшін тәлім-тәрбие беруде ата-бабамыздың тарихи үндестігімен сабақтас жатқаны ақиқат. Сондықтан да, осынау өз-Наурыз ұлық мерекесінде болашағы үшін аянбай тер төгіп, білім нөрін сеуіп, шәкірттерінің алғысына бөленіп жүрген ұстаздар қауымы мен ел ертінің тұтқасы, арқа сүйер азаматы болар шәкірттерімізді төл мерекелерімен құттықтаймын!

«Ағайын тату болса ас көп» дегендей қазақ елінде берекенің бесігі тербеліп, ырыс жұғысып, алаш азаматтары мен ел болашағы жастар тарапы таршылық көрмей, бейбіт елдің ұранын шартарапқа шарықтатар биіктерден көрінгей. Бүгінгідей қадамы қарышты шегіміз сегінемей, елулікті бағындырып, ерік-жігеріміз арқасында білім белесіне қанатымыз талмай самғай отырып, Әз-Наурыздағы күн мен түннің теңелгені секілді, алдағы уақыттарда білім таразысын тең ұстап, ұлы мақсаттар жолын бағындыра білейік!

## ҒАСЫР ІНДЕТТЕРІНЕ АРАМЫЗДА ОРЫН ЖОҚ!

Көгілдір көктем айының он екінші жұлдызындағы сәрсенбінің сәтті күні ҚазҰУ қалашығының жастары үшін үлкен жеңіс туын алғанмен бірдей болды. Бұл күні университет бас оқу ғимаратының алдында қасиетті қара шаңырағымыздың қызметкерлері мен шәкірттеріміз, студенттік қоғамдық ұйымдардың белсенділері, құқық қорғау органдарының, республикалық және қалалық қоғамдық ұйымдар мен жастар бірлестіктерінің өкілдері жиналды. Жиған-тергені үстіне жапсырылып, не ішем, не кием демей, уайым-қайғысыз «өмір сүрген» қуыршақ-маникен «Коррупционерді» мыңдаған көрерменнің ортасына алып шығып, әшкерелей өртеген жастар легі жемқорлықты түгелімен жұтқандай әсер қалдырды. Ал, «Біз» театрының режиссері Ғалымжан Сайлаубековтың табандылық таныта отырып, студент жастарды бір үйдің балаларындай ұйымшылдыққа шақырып, көрерменнің көзайымына айналдыруы, қойылым арқылы өмірдің кереғар жағын әшкерелеуі көңіл көкжиегін көріктендіре түсті.

Әр факультеттің студенттері, тәуелсіз елдің ұландары екенін дәлелдей «Ішімдік, темекіге қарсымыз!», «Жемқорлық жойылысын!», «Есірткісіз болашақ», «Біз салауатты өмір салтын таңдаймыз!» секілді жалынды ұрандарын көкке көтерді. Сонымен бірге граффити стилінде, плакаттарға салынған суреттері арқылы өз болашақтарына жоғарыда аталған қоғамның «әлеуметтік індеттері» тарапынан төніп тұрған қауіптерді бейнеледі. Студенттердің жемқорлыққа, нашақорлыққа және СПИД-ке қарсы бұл бас-

тамаларына қолдау білдіру үшін Алматы қалалық ішкі істер департаменті бастығының бірінші орынбасары, полиция полковнигі А.К.Әубәкіров, Алматы қалалық ПД есірткі бизнесіне қарсы күрес бөлімінің бастығы Е.М.Кебекбаев, ПМ Академиясының қызметкері, заң ғылымдарының докторы, профессор Есберген Алауханов, ҚазҰУ-дың «Сұңқар» студенттер кәсіподағының атынан Ғайни Серім қатысып, жиналғандар алдында сөз сөйледі.

Бұл акцияның басты мақсаты –

мемлекет басшысының жемқорлықпен күрес бастамасын қолдап, жастар арасында жең ұшынан жалғасқан сыбайластық, нашақорлық пен СПИД-тің таралуына қарсы белсенді ұстанымдарын нығайту болып табылады. Санаға сабақ болар іс-шара Студенттер сарайындағы қарапайым көрініс ретінде, үлкен ойдың түйінін шешер «Жаза бассаң, сені ажал күтіп тұр...» атты қойылымға ұласты.

Қоғамның қауіптілігі жемқорлық, нашақорлық, СПИД секілді сүйекке таңба болып жабысар дерттен бастау алады. Жемқорлық – заманды талапайға түсірер, «алды жар, арты соқпақ күй кештіріп», әрбір жанның жөутендеген жанарынан «тамыр-таным болар ма, көк қағаздың қаншасын сұрар екен?» деген секілді толғанысты ойға жетелер, «бармақ басты, көз қыстылық» танытқан қоғам қомағайларының дертті әрекеттері екеніне шүбә жоқ. Жемқорлық деп сипай қамшылағанымызбен оның түп атасы «Түйені түгімен, керуенді жүгімен» қызыл өнештен өткізіп жүргендер.

(Жалғасы 3-бетте)



санда:

БҮГІНГІ

ҚазҰУ-дың 100 ТҮЛЕГІ  
СОТ ОРГАНДАРЫНА  
ҚАБЫЛДАНАДЫ



2-бет

ҚАЗАҚСТАН СТУДЕНТТЕР  
АЛЬЯНСЫНЫҢ  
IV СЛЕТІНЕ САПАР



5-бет

Сезімімді жеткізер  
«селтеткізер»,  
қош көрсек, ұяқ сүлү,  
«ұйқышар» бер...



6-бет





■ Кездесу

# ҚазҰУ-дың 100 ТҮЛЕГІ СОТ ОРГАНДАРЫНА ҚАБЫЛДАНАДЫ

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, мемлекеттік биліктің бір тармағын құрайтын сот билігі – егеменді еліміздің тұғырын биіктететін, әлемдік дамыған мемлекеттермен терезесін тең тұтатын билік. Одан қалса мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, оның құқықтары мен бостандықтарын қорғауда ролі ерекше. Елбасымыздың биылғы Жолдауының басты ерекшелігінің бірі – мемлекеттік басқару, оның ішінде сот органдарының жүйесін одан әрі реформалауда жатыр. Мемлекет басшысы сот жүйесін жаңа заман талабына орай жетілдіру мақсатында көптеген міндеттерді атап өтті. Осы мәселелерге байланысты, өз ұжымының алдына қойылған міндеттерді жүзеге асыруды ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы, заң ғылымдарының докторы, профессор Қайрат Әбдіразақұлы Мәми 17-наурыз күні Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың қабырғасында профессор-оқытушылар және студенттердің қатысуымен талқылады.

Кездесуді ҚазҰУ-дың ректоры Гөлеген Әбдісағиұлы Қожамқұлов ашып берді. Жиынға сонымен қатар, университет проректорлары З.А.Мансуров, Ж.Д.Дәдебаев, А.И.Купчишин, Г.К.Ахметова, Н.О.Омашев, С.Т.Шалғымбаев, заң факультетінің деканы Д.Л.Байдель-



динов, ҚР ҰҒА академигі С.С.Сартаев, заң ғылымдарының докторы, профессорлар А.Н.Ағыбаев, З.Ж.Кенжалиев, А.А.Исаев, А.С.Ибраева, Л.Ш.Берсігүрова, және заң факультетінің студенттері қатысты.

Қайрат Мәми өз баяндамасында сот жүйесін реформалау бағытында жүргізілген және болашақта атқарылатын негізгі міндеттер туралы хабарлады. Баяндама ұстаздар мен студенттердің қызығушылығын танытып, сот саласындағы жүргізіліп жатқан реформаларға қатысты көптеген сұрақтар қойылды. Қайрат Әбдіразақұлы екі тілде сұрақтарға өте тиянақты жауап беріп отырды.

Бұл кездесудің басты жаңалығы ретінде биылғы жылы Елбасының Жолдауында көрсетілген міндеттер шеңберінде сот органдарына жаңа қызметкерлер қабылданатыны

айтылды. Ең негізгісі, Қайрат Мәми Алматы қаласы бойынша сот органдарына өзі кезінде білім алған Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 100 түлегін жұмысқа қабылдайтынын жеткізді. Осы бағытта кездесуге Алматы қалалық Сотының төрағасы Тілектес Барпибаев арнайы қатысты. Кездесудің соңында Т.Ә.Қожамқұлов Әл-Фараби атындағы Ғылыми кеңесінің шешімімен мемлекет алдында сіңірген еңбегі үшін Қайрат Мәмиге ҚазҰУ-дың құрметті профессоры атағын табыс етті. Өз кезегінде Қайрат Әбдіразақұлы өзіне көрсетілген құрмет үшін алғысын білдіріп, келешекте жыл сайын университетке кездесуге келетінін жеткізді.

**У.А.АХАТОВ,**  
заң факультеті деканының  
тәрбие жұмысы жөніндегі  
орынбасары

27-ақпан күні ҚР Парламенті Сенатының депутаты Ахан Бижанов пен Әгіл Ахметов университетіміздің білімге келгенде белін бекем бұған студенттері мен ҚазҰУ-дың профессор-оқытушылар құрамымен кездесті. Парламент Сенаты халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ахан Бижанов жетекші жоғары оқу орнына келгендегі мақсатын Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың биылғы Жолдауын насихаттау мен түсіндіру аясындағы өз ойларымен орайластырды.

## ОҢТАЙЛЫ КЕЗДЕСУ – ОРТАҚ ҰҒЫМ

Халық калаулылары жоғары оқу орнының аудиториясымен пікірлесу кезінде, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев айтқан ең ауқымды реформалар мен оңтайлы өзгерістердің қашан және қалай жүзеге асатындығын өңгімеледі. Ал өз кезегінде оқытушылар мен студенттер оның оң әсерін қаншалықты сезініп, қашан игере алатындықтарын білуге тырысты. Ахан Бижанов ҚазҰУ ұжымының алдында басты тақырып бойынша баяндама

жасағаннан кейін, кездесу сұрақ-жауап түрінде жалғасып, сан түрлі мәселелер өзара қызу талқыға түсті. Депутаттар Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуының басты-басты дерек көздеріне тоқталып, оқытушылар мен студенттердің жауап алуға тырысатын басым тұстарын өзара таразылай түсті. Екі жақтың да қызығушылығын оятқан кездесуден ортақ ұғымдар тізбегін айқын аңғардық.

**Жаһат ҚАСЫМБЕКОВА**



### ■ Құттықтаймыз!!!

«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантын тағайындау ережесін бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 24 тамыздағы №872 қаулысы бойынша ұйымдастырылған байқауда ҚазҰУ-дың бір топ ұстаздар қауымы аталған грантты жеңіп алған еді. Төменде «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грантына ие болған оқытушылар тізімін жариялап отырмыз:

- |                       |                      |
|-----------------------|----------------------|
| 1. Әбдірайымова Г.С.  | 20. Мовкебаева Г.А.  |
| 2. Авакова Р.А.       | 21. Надирова Г.Е.    |
| 3. Аймағанбетова О.Х. | 22. Насимова Г.О.    |
| 4. Ақназаров С.Х.     | 23. Нюсупова Г.Н.    |
| 5. Архипов Ю.В.       | 24. Омарбеков Т.     |
| 6. Барлыбаева С.Х.    | 25. Омарова К.       |
| 7. Бөлегенова С.А.    | 26. Орунханов М.К.   |
| 8. Ғабитов Т.Х.       | 27. Оспанов Х.К.     |
| 9. Данаев Н.Т.        | 28. Ракишева З.Б.    |
| 10. Дауылбаев М.К.    | 29. Сақ Қ.Ө.         |
| 11. Джумагулова К.Н.  | 30. Садыханова Г.А.  |
| 12. Жұбанова А. А.    | 31. Салқынбай А.Б.   |
| 13. Иващенко А.Т.     | 32. Смагулова К.Н.   |
| 14. Имамбеков О.      | 33. Султанова Б.Б.   |
| 15. Каирбеков Ж.      | 34. Тулегенова М.    |
| 16. Карпенюк Т.А.     | 35. Тургинбаева А.Н. |
| 17. Кенжалиев З.Ж.    | 36. Утегенова А.Р.   |
| 18. Кулсариева А.Т.   | 37. Шакинов К.К.     |
| 19. Мусабеков К.      | 38. Шерьяданов Г.Б.  |

ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорлар құрамы атынан «Қазақ университеті» газетінің ұжымы жеңімпаздарды шын жүректен құттықтайды!

### ■ Иман

Наурыз айының 13-жұлдызында журналистика факультетінің жатақханасында көкейімізге көлеңке орнатқан «Жемқорлық, нашақорлық пен СПИД: олардан шығар жол қайсы?» деген тақырыпта бас қосу өтті. Аталған жиынға ҚМДБ-ның Алматы өңірі бойынша өкілі, Қарасай батыр мешітінің бас имамы Ақан Мергенбаев арнайы келіп студенттер көкейінде жүрген сауалдарға жауап берді.

## ИМАНДЫЛЫҚ – адастырмас қаруың

«Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» деген қағида бүгінгі қоғамға бағытталғандай-ақ. Алайда жеті қазынанан бірі дегенмен тірі мақұлықтың ұятын ояту үшін жабық қақпақ та кедергі келтіре алмас. Ал адам өрекеттерінің адамдықтан ауытқуына ашық қазан болуы шарт па? Әлде қалтасының қалыңдығы мен өз жанының саулығын тілеген сыбайластарға жабық қазан да әсер ете алмай ма? Бұл сауалға Ақан Мергенбаев: «Ұяттан азбаудағы ерекше күрес – ақиқаттың ақ жолы. Бұл ережені еңбектеген сәби мен еңкейген көрі де есте сақтағаны дұрыс» деп тұжырымдады. Сондай-ақ осы бас қосуда үш үрейдің (жемқорлық, нашақорлық, СПИД) қайсысының тамырын бірінші шапсақ, қоғамды дерттен емдей аламыз деген сауалдар да жауапсыз қалмады. Иманның айтуынша, бұл жауыздықтар тек өр пенде имандылыққа бет бұрғанда ғана жойылмақ. Адамды аздырмайтын бір-ақ байлық – имандылық. Сондықтан өр саналы жан ала жіптен аттамаған жөн. Жүрегіне иман ұялаған жан өзі тұрмақ өзгеге қиянат жасауы

мүмкін емес. Адам баласы харам мен адалды ажырата білуі керек. «Жемқорлыққа бой алдыру – нәпсінің қамы» дей келе бас имам имандылықты дамытуға шақырды. Бас қосу аясындағы түйінге сүйенсек, бұл аты жамандар көбіне өз күшіне емес, көк қағаздың «қүдіретіне» сенім артатындардың сыбағасы көрінеді. Уақытша сынаққа төзбеген әлсіздер мен адамгершіліктен айырылған жандар – жемқорлық пен ғасыр індетінің құрбаны болып қала бермек. Ендеше бұл қоғамдық дерттен емделгенше, ауырмайтын жолды жаттаған жөн. Бес күндік жалғанда қанағат пен кешірім, мейірім мен адалдық орнаған кезде ғана бұл аты жамандардың заты да өшпек. Аллаға деген сенім адам басын азапқа салмас. Бұл тәрбие мен ізеттілікті дамыту үшін, болашақ журналистер қауымы жүзеге асырған имаммен жүздесу жақсы үлгі болмақ. Өр мекемелер мен қызмет орындарында ақиқаттың ала жібін аттамауға өзіне өзі серт берсе, жемқорлық та, ғасыр індеті де қанат қаға алмайды.

**Саятұл ӘЛІМБЕКОВА**

### ■ Сүйінші

## «ҚЫЗ ЖІБЕК» ЖЫРЫНЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІ

Жақында филология ғылымдарының докторы, Қазақстан ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, профессор Сұлтанғали Садырбаевтың басшылығымен «Қазақ университеті» баспасынан қазақ халқының ұлы лиро-эпостық «Қыз Жібек» жырғы жарыққа шықты.



Аталған кітап идеялық мазмұны мен көркемдік ерекшелігіне орай, Астанада өткізілген Республикалық кітап көрмесінде бірінші орын алды. Игі дәстүрге орай 5-наурыз күні ҚазҰУ-дың М.Әуезов атындағы мәжіліс залында «Қыз Жібек» жырғының тұсаукесеріне арналған салтанатты жиын өтті. Университеттің проректоры Ж.Дәдебаев кіріспе сөз сөйледі. Содан соң, профессорлар Х.Әбделұлы, Ж.Тілепов, А.Жақсылықов, З.Сейітжановтар аталған кітаптың әдеби құбылыс екендігін атап айтты.

Жиын соңында студенттер «Қыз Жібек» жырғының жаңа нұсқасын ЮНЕСКО-ның арнаулы жұлдесі мен Мемлекеттік сыйлыққа ұсыну керек деген пікірлерін жеткізді.

**Ардақ КАКИМОВА,**  
**Әсел ҚОЗЫҒАЕВА,** «Қазақ фольклористикасы» оқу-зерттеу лабораториясының ғылыми қызметкерлері



■ Акция

# ҒАСЫР ІНДЕТТЕРІНЕ АРАМЫЗДА ОРЫН ЖОҚ!



(Басы 1-бетте)

Не керек, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мекемесі жылына бір рет болса да жемқорлықпен күрес жөнінде саусак безеп, күресті күшейтейік деп ұран тастайды. Бес алты жыл көлемінде қоғамды жегідей жеген жемқорлар саны біршама өсе түскен. Мәселен, өткен жарты жылда республикамызда жемқорлыққа қатысты 1275 қылмыстық іс тіркеліп, соның 118-і пара беріп, 131-і пара алғандығы үшін айыпталды. Алты айда 182 ішкі істер қызметкерінің жемқорлық әрекеттері әшкереленген. Халқымыздың ақ адал, мандай терімен тапқан қаржысын жымқы-

қарай апыл-тапыл қадам басқандығының бір дәлелі болмақ. Білім бағдарына зер салсақ, «Болашақ» бағдарламасына бөлінген қомақты қаржыға қол салған соң мына ұрылықтарға дауа жоқ екен дейсін. Қиырдан қиып, батыстан басып алса да, олар өз дегенін жүзеге асыруға қолдан келген кесепаттарының бәрін жасауға барын салып жатқандай.

Бұған қоса нашақорлық пен СПИД секілді жан жарасы да жастар арасында белең алып, ессіздікке, орны толмас өкінішке бой алдыртуда. Статистикалық мәлімет бойынша, Қазақстанда 45-50 мыңдай нашақор бар көрінеді. Көкнөрге елітіп, көз алды тұманданғандар

тұсынан іле білген. Өмір өткініші. Уақыт шіркін қай кезде де өз дегеніне жетіп, дәл нүктесін қояды. Тағдыр жолында қаншама қарапайым қазақ бауырлар ақ жолдан аласып, қараңғы қазақ көгіне күн болып шыға алмай кеткендері қаншама?! Қоғамды жандайшаптай жайлаған, ажал тырнағының ұшына іліндіріп, айықпас дертке душар қылған тұзақтар жетерлік. Біреудің қарындасы, ал енді біреудің ағасы, тіпті інісі болсын, тар жолдың тасасында ажлаһадан құтыла алмай жүргендігі көңілге мұңлық белгісін ұялатады. Сол қойылым шеңберінде, қаншама оқиғалар қамтылып, өмір өкінішке ұласты. Анасының ақылы мен әкесінің әлпешінде өскен қара-

түседі. Ол «өмір сондай қатігез, оны ұмыту керек, жүр кеттік» - деуі, ақыры қызды сонынан ертті. Келген ортасы оғаштау көрінді, бірақ олар бәрін де ойша «ұққан» еді. «Инеден қорықпайсың ба?» - деп сұраған Макске, «Ол не дегенін» - деп таңдана жауап қатқан Жібек керемет жеңілдік пен рахатқа бөленді... Ал одан кейін бәрі де түсінікті еді. Сұрықсыз пәтерлер мен қорқынышты жер асты өткелдеріндегі өмір қыз жанының уақытша арашасы болды. Тек бір ғана құштарлық бар - ине салып, өзгенің бәрін ұмыту.

...Жібек не бәрі жиырма екі жасында өмірмен қоштасты. Қараңызшы тал шыбықтай бүр жарған балғын қыздың тағдырымен кімдер ойнамады, ақыр соңында ойыншыққа айналып өмірден өтсе, айдалада ботасына боздаған інгендей аңыраған ата-ана қалды. Дүние дөңгелек. Бір күн Жібек секілді қарақөздің тағдыры аландатса, енді бірде қапылыста адасқан қайсар жігіттеріміздің өміріне бола сан

осындай бір өзіме-өзім келген сәттерде ғана сені есіме алып, жеңілдеп қаламын. Мама, мені кешірші. Күшім таусылып барады, мама, мен есірткі іздеуге кеттім» - деген жолдарды оқығанда ана жүрегі шымырлады, «іштен шыққан шұбар жылан» баласы үшін қайғыдан қан жұтты. Мінеки, жер бетіндегі қаншама адам тағдырлар тоғысында өмір сүріп жатыр. Бір айта кетерлігі, нашақорлар төрт құбыласы түгел жанұялардан көптеп шығады екен. Есірткі сатушылар да байдың бай, кедейдің кедей екендігін айырып, майлы жақты көп жағалайды емес пе?! Қазіргі күні жастар арасында кең белең алған нашақорлық атты дерттің алдын алу, оны тамырынан қию мәселесіне ел боп, мемлекет болып қарасақ, қара күшке қарсы тұрарымыз анық. Осындай күйге тап болған азаматтардың мүмкіндігінше ішкі күйзелісіне барынша бойлап, содан арылуына ақ халатты абзал жандар тарапынан қолдау беру қажет секілді. Осындай ауыр азапқа толы уақыт уәжінде, жастар санасы арам пиғылға бой алдырмасын, көргенін көңілдің ақ парағына түртсін, тасбауырлыққа салынбай, аламгершілік алами қасиеттердің ара-жігін бұзбауға бекінсін деген ойлармен ұштасады. Өнер тілінде шынайы өмірді бейнелеген қойылымның әсерлі болғандығын, жастардың осы жағымсыз құбылыстарға бүкіл жан дүниесімен қарсылығын, олардың



соғарымыз анық. Басына бақ дарымаған Арман есімді қазақ жігіті бұрышта анасына хат жазып отыр... «Сәлеметсіз бе, мама!

Сізге хат жазып отырған ұлыңыз Арман. Анашым мен жоқта жағдайыңыз қалай болып жатыр? Мен сізді қатты сағындым. Сізбен көрісім келеді. Бірақ мен нашақормын ғой және сіз мені білгіңіз де келмейді. Мен сізге бұл зұлымдықтың менің бейқам өміріме қалай кіргенін, өзөзілдің менің бойымды қалай билеп алғаны жайында баяндап бергім келеді. Бір кезде қолыма шылым алмағанда, өткініші сезімге бой алдырмағанымда мүмкін сізге хат жазып отырмаған болар едім. Ойнадым, тойладым, мен де ел секілді ішіп-шегетін жігітсымаққа айналғым келді. «Егер шылым шегіп алсам, өзге жігіттер секілді мен де көңілді әрі еркін болармын» деген зымыян ойлар келді. Жан-дүнием құрдымға кетіп, нашаның ләззатына бөлендім. Маматай, мен ары қарай жаза алмаймын, құмар тым күшті. Бүгін есірткі таба аламын ба, білмей тұрмын. Осы бес жыл ішінде үлгілі баладан бейшара қаңғыбас пен нашақорға айналдым. Барлық адамға төн сезім атаулы маған жат. Мен енді сауығатыным сенбеймін, менің ажалым да осы шығар. Тек

жіі қол шапалақтап, шын тебіренгендерінен байқадық. Бұдан кейін студент-жастар алдында Алматы қалалық СПИД орталығының маманы Айнұр Жандыбаева, «Свобода» реабилитациялық орталығы директорының көмекшілері Болат Исмағұлов пен Ғани Құрманбаевтар сөз алып, «Ессіздікке есі кеткен барады, бірақ біз рухы мығым жастар болсақ, адамдықтан ажырамайық» деген орамды ойларымен сананы осып өтті.

Ұрпақтың азуы - ұлттың соры. Өйткені, өзегіне құрт түскен мемлекеттің өркеніет көшіне ілесуі екіталай. Болары болып, бояуы сінген адасқан ұрпақ үшін айтарым осы болмақ. Қасиетті қара шаңырақ студенттерінің, өмірдің өзінен сызып тұрып алған туындылары сіз бен біздің жүрегімізге жол тапса болғаны. Олар халыққа жанын салып жеткізеді, ал біз бар болғаны қабылдаймыз. Соның өзі үлкен сабақ болмақ. Жеткіншектерді жарқын болашаққа жеткізетін жалғыз-ақ жол - салауатты өмір салты екенін естен шығармайықшы. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде өткен «Ғасыр індеттеріне қарсымыз!» акциясының да берер ең негізгі ұстанымы осы еді.

Жанат ҚАСЫМБЕКОВА.



рушы жылпос жырындылар республиканың темір жол, үй құрылысы, кеден, салық, білім беру, денсаулық сақтау салаларының біраз бөлігін жайлап алған көрінеді. Ертеректе бір оқытушылар «Нені ұрлап жарымыз, тым болмаса уақыттан ұрлайық та, сабаққа 5-10 минут кешігіп барайық» десе керек. Бұл жай ғана енді дендей бастаған жемқорлықтың білім баспалдағына

қатарында көкөрім жастардың көбеюі көңіл құрғырды көшкен елдің жұртындай құлазытады. Егер келешегі өлі алда деп есептелетін кейінгі толқын өкілдері мұндай қауіпті кеселге бой алдырса, онда ертеңгі күнге қандай сеніммен қарай алмақпыз. Осындай образды көркемдеген «Біз» театрының ұжымы жеткізген қойылым құрығы заманның зарлабын түспалдап, өз

пайым қазақ қызы Жібектің тағдыры, кімді де болса ойландырмай қоймасы анық. Әкесімен қарым қатынасы өте жақсы еді, ал қатал мінезді анасымен жиі жанжалдасатын. Бір күні қатты жанжалдан кейін, ол үйден кетуге бекінді. Қаннен-қаперсіз көше кезіп жүрген көрікті қызға жігіттер көп қырындайтын. Олардың ішінде Макс өзінің «кең түсінігімен» Жібекке ұнай





■ Пікір-сайыс

# ЖАСТАР МӘСЕЛЕСІН ТАЛҚЫЛАҒАН ЖАСТАР

**Жуырда Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің белсенді пікір-сайысшылары Алматының жайма шуақ күнінде Сарыарқаның аязынан хабардар болып, ел ордамыз Астана қаласынан оралды.**

Олар «Алтын сапа» пікірталас клубының пікірсайысшылары: Әбілдаева Айсәуле, Құрманов Нұрсұлтан, Өмірбеков Дархан, Серіков Ермек, Молдабекова Айсұлу және өзін-өзі басқару ұйымдарының төрайымы - Сүлейменова Жұлдыз.

Бүгінгі таңда мемлекеттің негізгі күші мен болашағы болып табылатын жастардың мәселесі тым өзекті болып отырғандықтан, Қазақстан Республикасының Парламенті мен жастардың қоғамдық ұйымдары жастар туралы заң жобасын қарап, талқылау жұмыстарымен шұғылданып жатыр. Осыған орай сәуірдің 17-сінде «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Занының орындалуы туралы» парламенттік тыңдауларға дайындық бойынша арнайы уақытша комиссияның отырысына университетіміздің пікірсайысшылары қатысып, өз ұсыныс, тілектерін айтып, ой бөлісті. Бұл отырысқа депутаттар Бақыт Сыздықова, Төңірберген Бердіонғаров және өлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшелері, ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің тәрбиелеу жұмысы және жастар саясаты департаментінің директоры Нұрлан Өтешов және т.б. қатысты. Негізгі айтылған ұсыныстар тым өзекті болып отырған студенттердің өлеуметтік жағдайы: жатақхана, шөкіртақы, медициналық көмек



туралы және жастар жұмыссыздығы, жастар кәсіпкерлігі туралы айтылды. Атап айтар болсақ, Жұлдыз Сүлейменова жастарға ең алдымен, олардың өз талап-тілектерін айту үшін «Азамат» секілді бағдарламалардың қажет екендігін және студенттердің стипендиясын тұратын қаланың күнкөріс деңгейінің ең төменгі мөлшеріне индекстеп тағайын-

дауын, студенттің жолына төленетін қаржыны көбейту керетігін баса айтып өтті. Ал Айсұлу Молдабекова: «Жастар саясаты туралы заң ең бірінші жастарға қажет. Осы мәселеге байланысты Қазақстан Республикасының

жастарынан өлеуметтанулық сауалнама алынды ма? Ондағы қандай ұсыныс тілектер ескеріліп отыр? Сонымен бірге, жұмыссыздардың көп бөлігін құрайтын жастар жұмыссыздығына байланысты оларды кәсіптік дайындау мен қайта мамандандырудың нақты бағдарламасын жасап, жүзеге асыру керек» деген өзекті мәселелерге

байланысты сұрақтар қойып, ұсыныстарын айтса, Дархан Өмірбеков жастар кәсіпкерлігін дамытуға байланысты пайызы төмен, жеңілдікпен несие беру керектігін айтты. Парламент депутаттары жастардың бұ айтып ұсыныс, тілектерін ескеретіндіктерін айтып, өз ризашылықтарын білдірді.

Университет пікірсайысшылары мұнымен шектелмей, «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясының қолдауымен Астананың он жылдық мерейтойына арналған «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің кубогы» үшін өткен халықаралық пікір-сайыс турниріне де қатысты. Турнирге еліміздің бүкіл аймақтарынан және ТМД мемлекеттерінің үздік топтары шақырылған болатын. Ал аталған шараға университетіміздің белсенді пікірсайысшылары қатысып, нәтижесінде ең жоғары балл жинаған Нұрсұлтан Құрманов мен Айсәуле Әбілдаева «Үздік спикер» атанды.

Астана сапары барысында университет пікірсайысшылары философия және саясаттану факультетінің экс-деканы, Қазақстан Республикасы парламентінің сенаторы философ, академик Ғарифолла Есім мырзаның қабылдауында болып, әңгіме өрбітті.

Иә, еліміздің бас қаласы, жас қаласы болған Астанада Бәйтерекке шыққанда, болашағы жарқын елдің жастары екенімізді тағы бір мәрте сезініп қайтық...

Алматы – Астана – Алматы

**Айсұлу ТҮРСЫНБАЙҚЫЗЫ**  
«Алтын сапа» пікірталас клубының үйлестірушісі

■ Дайджест

## Басты жаңалық – ғасыр індеттеріне қарсы акция

Еліміздің бас оқу орны - Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Елбасы Жолдауын талқылау әлі күнге жалғасын табууда. Осы орайда университетіміздің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттеріне Елбасы Жолдауын жан-жақты түсіндіру мен насихаттау үшін мәртебелі қонақтар – Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары Ахан Бижанов пен Әділ Ахметовтер келді. Екі-жақты қызығушылықтан туған бұл басқосу студенттер халық қалаушыларына еліміздің болашақтағы даму көзжиектері, білім саласындағы оң өзгерістер турасындағы сұрақтарын қойды. Бұл жаңалық сол күні **«Қазақ ақпарат агенттігі»** (27.02.2008), **«Қазақ радиосының жаңалықтары»** (27.02.2008), **«Алматы» телеарнасы** (27.02.2008) арқылы жұртшылыққа таралып, **«Қазақстанская правда» газеті** (28.02.2008) мен **«Егемен Қазақстан» газетінде** (01.03.2008) мақала жарияланды.

Елбасы Жолдауын түсіндіру, талқылау мақсатында университетімізге ат басын бұрған құрметті қонақтардың бірі – Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының төрағасы Қайрат Мөми болды. Оның еліміздің сот жүйесіндегі жаңашыл үрдістер

оқыған лекциясы өте тартымды, әрі екіжақты диалогқа құрылды. Ол туралы ақпарат **«Қазақ ақпарат агенттігінің»** сайтында (17.03.2008), **«Қазақ радиосының», «Қазақстан», «Алматы», «Рахат» телеарналарының** (17.03.2008) жаңалықтарынан беріліп, **«Егемен Қазақстан»** (18.03.2008), **«Қазақстанская правда»** (18.03.2008), **«Заң»** (14.03.2008) газеттерінде жарияланды.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары, генерал-лейтенант Болат Жанасаевтың университет студенттерімен кездесуінің де негізгі өзегі – Елбасы Жолдауы болды. Бұл туралы ақпарат **«Қазақ ақпарат агенттігінің», «Қазақ радиосының», «Таң», «Рахат» телеарналарының** (14.03.2008) жаңалықтарынан берілді.

Наурыз айының басты жаңалығы - Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті студенттерінің «Ғасыр індеттеріне аразмызда орын жоқ!» деп аталатын жемқорлыққа, нашақорлыққа және СПИД-ке қарсы акциясы. Университет алаңында жиналған студенттердің жемқор бейнесіндегі маникенді өртеуі, кейіннен студенттік театрдың осы тақырыпқа сай қойылымды сахналауы туралы **«Қазақ ақпарат агенттігінің»** сайты

**«Қазақстан», «Алматы», «CNL» телеарналарының** (12.03.2008) жаңалықтарынан жұртшылыққа кең тарады. Сонымен қатар **«Қазақстанская правда»** (13.03.2008), **«Экспресс К»** (13.03.2008), **«Президент және халық»** (14.03.2008), **«Алматы ақшамы»** (18.03.2008), **«Вечерний Алматы»** (18.03.2008) газеттерінде акцияның барысы туралы мақалалар жарияланды.

**«Қазақ әдебиеті» газетінде** (29.02.2008) Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры Н.О.Омашевтың «Қазақстан» ұлттық теле-радио корпорациясының 50 жылдық мерейтойына орай қаламгерлер мен журналистер арасында билырдан өткен жарыста 1-орын алғандығы жөніндегі ақпарат суретімен жарияланды.

«Қазақ университеті» баспасынан жарық көрген «Қыз Жібек» жырының жаңа нұсқасының тұсаукесері туралы **«Қазақ ақпарат агенттігінің»** сайтында (05.03.2008), **«Қазақ радиосының»** жаңалықтарында (05.03.2008), **«Қазақ әдебиеті» газетінде** (07.03.2008) жарияланды.

Тарих факультетінің жас ғалымдарының археология институтымен бірлесіп өткізген конференциясы ту-

**насынан** (03.03.2008) көрсетілді.

Халықаралық, республикалық деңгейдегі бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдағы белгілі бір мәселе төңірегінде ой қозғаған кезде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессор-оқытушылар құрамына жиі жүгініп, маман ретіндегі пікірлерін қажетсініп отырады. Университет ғалымдарының әр мәселе төңірегіндегі толымды ой-тұжырымдары да университет беделін асқақтата түсетіндігін айта кеткен жөн. Елбасы Жолдауында басты көніл бөлінген білім саласына қатысты ойларын журналистика факультетінің деканы, профессор Б.Ө.Жақып **«Қазақстанская правда» газетінде** (06.03.2008) жарияланған «Инвестиции в человеческий капитал» атты мақаласында тұжырымдаған. Осы орайда профессор Арықбай Ағыбаевтың еліміздегі сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы **«Заң» газетінде** (14.03.2008) жарияланған мақаласын, профессор Н.Ж.Байтенованың Қазақстандағы діни мәселелер төңірегіндегі **«Алматы» телеарнасындағы** (27.03.2008) сұхбатын, **«Ана тілі» газетіндегі** (06.03.2008) қазіргі таңда

диссертациялардың құндылығы, сарапталу мәселесіне арналған зерттеу мақаладағы университеттің бас ғалым хатшысы Людмила Екшмееваның саликалы пікірін айта кету керек.

26 наурыз күні журналистика факультетінің баспа ісі және редакциялау кафедрасы ұжымының ұйымдастыруымен өткен белгілі ақын Қасымхан Бегмановтың шығармашылық кеші туралы ақпарат **«Қазақ радиосының», «КТК» телеарнасының жаңалықтарында** көрініс тапты. Сонымен қатар **«Қазақ әдебиеті» газетінде** (28.03.2008) ақпарат жарияланды.

Халықаралық қатынастар факультетінде өткен «Қазақстандағы шығыс тілдерін оқыту мәселесінің жай-күйі мен болашағы және шығыс елдері өкілдіктерінің орны» атты тақырыптағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция туралы ақпарат **«Қазақ ақпарат агенттігінің»** сайтында (28.03.2008), **«Таң» телеарнасының** (28.03.2008) жаңалықтарынан көрсетілді.

**Ғалия АҚСЕЙІТ**  
ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі





■ Алау

# Қазақстан студенттер Альянсының IV слетіне сапар

Наурыз айының 18-20 аралығында Қостанай қаласындағы А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде Қазақстан студенттер Альянсының IV слеті өтті. Құрамына белсенді жастарды жинаған Қазақстан студенттер Альянсы (ҚСА) жыл сайын республика білімгерлерінің басын қосып, пікір алмасуды дәстүрге айналдырған. Осымен төртінші мәрте өткізіліп отырған слетке еліміздің 20 аймағынан шоғырланған, ел ертеңіне бей-жай қарай алмайтын көшбасшы студенттер жиналды. Бұл басқосуға қарашыңырағымыз ҚазҰУ атынан 3 студент: Айгерім Андаспаева (экономика және бизнес факультеті, I курс), Данияр Сүндетбаев (философия және саясаттану факультеті, IV курс) және Бауыржан Батиханұлы (заң факультеті, III курс) барып қайтқан болатын. Осыған орай, төменде Бауыржанның сапарнамасын ұсынып отырмыз.



Қостанайда өткен ҚСА слетіне Алматы қаласының жоғары оқу орындарынан 53 студент аттанды. Әр қайсысы бір-бір оқу орнының бетке ұстар білімгерлері болғандықтан, айтқан әңгімелері де, алға қойған мақсаттары да зор екені байқалып-ақ тұр. Бәрінің де басты ниеті - университет қабырғасында ел қажетіне жарар сапалы білім алу. Сондықтан біз де бұл басқосуға осы нысананы бетке алып, көкейіміздегі ойларды ортаға салу үшін жолға шыққанмыз.

Қазақстан студенттер Альянсы аты айтып тұрғандай, студенттердің қозғалысы. Бұл қозғалыс бүкіл Қазақстан аумағындағы ЖОО-да білім алушыларды қамтиды, сондықтан да оған Білім және ғылым министрлігінің де аса көңіл бөліп отырғанын атап өткім келеді. ҚСА-

ның аймақтағы өкілдері жыл сайын бірігіп, өз жұмыстарының есебін береді, осы кездесуде жаңа көшбасшылар сайланады.

Үш күнге созылған биылғы шарала жалындаған жастардың бойынан немқұрайлылықтың көлеңкесін де көре алмадық. Бәрі де «сен тұр, мен атайын» деп тұрған белсенділер. Осыны байқағандай, қала өкімі С.В.Кулагин құттықтау сөзінде «Болашақ жастардың қолында екенін естен шығармайық» деп атап өтті.

Сонымен қатар шара барысында университет көшбасшылары биылғы Елбасы жолдауының басым тұстарын тілге тиек етті. Қазақ Автомобиль-Жол Институтының Жастар ісі жөніндегі Комитеті төрағасы Асхат Тұрғынбекұлы: «Биылғы жолдау халыққа жақын жолдау болды деп есептеймін,

өйткені халықтың өл-аухатын көтеру ең маңызды мәселе емес пе?» – деп орынды атап өтті.

Еліміздің алдағы мақсат-мүддесіне қажетті шараларды көңілге токи отырып, қозғалыс құрамына келген жас толқынға баса назар аударылды. ҚСА IV слетіндегі қатысушыларының дауысқа салуымен жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар жастардың тұсауы кесіліп, үлкен сенім жүктелді. ҚСА-ның республика бойынша көшбасшысы болып Лаура Сүлейменова сайланса, өз шаһарымыз Алматы студенттер Альянсы төрағалығының тізгіні Асхат Тұрғынбекұлының қолына берілді. Слет шеңберінде көшбасшылардың біліктілік деңгейін арттыру мақсатында шеберлік дәрістері ұйымдастырылды. Ол қоғаммен байланыс, топпен жұмыс жасау, ресми құжаттарды дайындау

секілді бағыттарда жүргізілді. Дәріс бітісімен біздер Қостанай мемлекеттік университетінің «Білім» орталығымен таныстық. Бұл орталықта аталған оқу орнының кітапханасы мен интернет залы орналасқан. 50 орындық компьютер класын студенттер тегін пайдаланады екен.

Слет соңында Қостанай қаласын аралап, шаһардың өткені мен бүгінгінен хабардар болдық. Республиканың түкпір-түкпірінен жиналған жастарды қуана қарсы алған қала бір маркайып қалғандай. Біз де жастардың басы қосылған

жерде жалындаған жігер барын байқап қайттық.

**P.S. Қуанарлығы, студенттер қозғалысының биылғы слетінде қазақтың тілінде пікірлестік, түсіністік, тарқастық. Ендеше ана тілін ардақтаған білімгерлер болашақта елінің нағыз патриоттары боларына сенім мол.**

Алматы – Қостанай – Алматы

**Бауыржан БАТИХАНҰЛЫ,**  
жатақхана жоғары студенттер кеңесінің төрағасы

## ■ Мерейтой

### ҚазҰУ-ДЫҢ «КҮЛӘШНЕ» – 60 ЖЫЛ

Әрбір ұжымның, қалаберді қауымның құрметті де сүйікті, қылықты да өнерлі мүшелері болады. Міне, сондай қарашыңырағымыздың өнерлі, күміс көмей әншісі, басқаша айтқанда университетіміздің «Күләші» атанған әріптесіміз - Гүлзада Бөкенқызы Есбергенова. Бүгінде өз пыңдаушысын өзінің сазды дауысымен отыз жылдан астам уақыт тамсантып келе жатқан әріптесіміз асқаралы 60 жасқа толып отыр.



1975 жылы Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясын тамамдап, танымал профессорлар Құрманбек Жандарбеков пен Бөкен Жылысбаевтардың басшылығымен опера және камералық өнші, оқытушы біліктілігін алғаннан кейін С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетіне қызметке алынды. Міне, сол кезден бастап Гүлзада Бөкенқызының табыстары мен жетістіктері де, қуанышы мен реніші де қарашанырақпен тығыз байланысты. Университеттің көркемөнерпаздар үйірмесімен бірлікте республикалық, халықаралық деңгейдегі конкурстарға қатысып, қарашанырақтың атағын шығарып келеді. 1979 жылы Венгрияда, 1980 жылы Болгарияда, 1987 жылы Кремльдегі Съездер Сарайында (Мәскеу) студенттік оркестр концерттік бағдарламасымен өн шырқауы осыған дәлел. Гүлзада Бөкенқызы репертуарындағы күйкылжыта «Алынған Гэкку», «Гауһар тас», «Жиырма бес», «Махаббат вальсі» әндері, сондай-ақ «Қыз Жібек» операсындағы Жібектің ариясын орындауы кез келген өн сүйер қауымды бей-жай қалдыра алмайды. Құлақтан кіріп, бойды баурай алған, Гүлекеннің дауысы әрбір тыңдаушысының қазақ әніне деген құштарлығын арттыра түсті.

Гүлзада Бөкенқызы студенттерді эстетикалық және музыкалық

тұрғыда тәрбиелеуге де белсене атсалысып келеді. 1992 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін университетте философия және саясаттану факультетінің философия тарихы және мәдениеттану кафедрасында этика, эстетика, өнер тарихы және мәдениеттану пәндерінен дәріс оқып келеді. Оның жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде құрылып, оқыған дәрістері студенттердің жүрегіне жылы ұялап, жастардың мәдени, эстетикалық тәрбие алуына септігін тигізіп жүр. Философия ғылымдарының докторы, профессор М.С.Орынбековтың жетекшілігімен «Қазақстандағы мәдениеттің ұлттық және интернационалдық мазмұны» атты диссертация тақырыбын бекітіп, сол салада жиырмадан астам ғылыми мақала жариялағанын да атап өткен жөн болар.

Бүгінгі күні күміс көмей өнші, білікті ұстаз, адал жар, ардақты ана-әже болып отырған Гүлзада Бөкенқызы Есбергенова асқаралы 60-жасқа толып отыр. Әріптесімізді мерейтойымен шын пейілмен құттықтай отырып, деніне саулық, отбасына береке, өнерде жұлдызы жана берсін дегіміз келеді.

**Лесхан АСҚАР,**  
доцент

## ■ Чемпионат

20-наурыз күні Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде дене тәрбиесі кафедрасының 60 жылдығына арналған қыздар мен ерлер арасында дзюдодан ашық чемпионат өтті. Бұл сайысқа Алматы қаласы бойынша 9 құрама қатысты. Олардың ішінде ІІМ Академиясы, Туризм және спорт академиясы, Қыздар педагогикалық институты, Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті секілді белгі ойыншыларды тәрбиелеп отырған жоғары оқу орындары бар.

### ҚАЗҰУ СПОРТТА ТАҒЫ ДА АЛДА

Сайысқа 24 дзюдошы қыз қатысты. Олардың ішінде 1 спорт шебері, 6 спорт шеберлігіне үміткер, 7 бірінші дәрежедегі, 14 екінші дәрежедегі спортшы болды. Ал 87 ер баланың төртеуі СШ, он алтысы СШК, жиырма төрті бірінші дәрежедегі, қырық үші екінші дәрежелі спортшылар.

Аталған біріншілікті ұйымдастырушы дене тәрбиесі кафедрасының негізі 1948 жылы қаланған. Кафедра оқытушылары студенттерді спортқа баулып, олардың кәсіби кемелденуі үшін аянбай еңбек етіп келеді. Бүгінгі таңда университетімізде 12 ХСШК, 34 СШ, 61 СШК, 384 бірінші дәрежедегі спортшы бар, олардың 46-сы – Ұлттық, 16-сы – ҚР Олимпиада құрамасының



мүшелері. Осындай бетке ұстар спортшыларымыздың арқасында біріншілікте университетіміз құрамалық есеп бойынша бірінші орынды жеңіп алды. Екінші орынды Алматы энергетико және байланыс институты, үшінші орынды Мемлекеттік қыздар институты иеленді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗДЕН

## ■ Шара

### ӘЗІЛІҢ ЖАРАССА, КТК ОЙНА...

Жуырда ҚазҰУ-дың Ә.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында Көңілділер мен Тапқырлар клубының қазақша және орысша сайысы болып өтті. Бұл шараны аталған оқу орнының «Парасат» және студенттердің «Сұңқар» кәсіподақтары ұйымдастырды.

КТК сайысына «Мен сахнада өнер көрсететін жұлдызбын» деген қазақтың ұл-қыздарынан құралған, әзілдері жарасқан топтар өз өнерін көрсетті. Сайысқа үлкен жауапкершілікпен дайындалғандықтан болар, бір түспен киінген әзілші жастар көрерменді бірден жастық шақтың тамаша қызықты сәттерімен баурап алып, әзіл мен қойған көріністеріне жиналғандардың ауыз суы құрап, көпшілік кім ұтар деген қызығушылықпен отырды.

Бірінші күні өткен ойынға қазақ лигасынан 7 құрама, екінші күні орыс лигасынан 13 құрама топ өз өнерлерін ортаға салды. Университеттің жаңа құрылған топтарының жетістіктеріне қарап, «Парасат» және «Сұңқар» басшылығы ортақтаса жас таланттыларға сүйсіненілікпен қарап, өз қолдауларын көрсетіп отырды.

Қызықты да, тапқыр әзілдерге толы кешке КТК сайыскерлері өз өнерлерін барынша жақсы көрсетіп, көрермендердің көңілінен шықты. Көпшіліктердің көңілдері көтеріліп, КТК сайыскерлеріне деген үлкен алғыстарын айтып жатты.

Екінші күні болған орыс лигасының ойынына тек ҚазҰУ-дің факультет құрамалары ғана емес, сонымен қатар сайысқа қонақ ретінде Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар мен әлем тілдері, Тұран университеті және Т.Рысқұлов атындағы ҚазӘУ-дің құрама командалары қатысты.

Ойын соңында ҚазҰУ-дың Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректорының орынбасары Ә.С.Несіпбаев, «Парасат» кәсіподағы төрайымының орынбасары А.Қ.Жұмаділов, Студенттік өзін-өзі басқару ұйымының жетекшісі Ж.Д.Сүлейменова, «Сұңқар» студенттер кәсіподағының төрағасы Ф.Ө.Серім, тәжірибелі КТК ойыншысы Оралгазиндерден құралған қазылар алқасы топ мүшелерін «Парасат» және «Сұңқар» кәсіподақтарының кубогімен және бағалы сыйлықтармен марапаттады. Осылайша көрермендер жарасымды әзіл мен тапқыр күлкіге ортақтасып, мәз-мірмен балып қайтты.

ҚазҰУ кәсіподақтары





Кафедра

Кінә  
қыздарда емес...

Айдарымыздың өткен савинда бүгінгің Төлегені мен Қозысына наз айтқан Қыз Жібектердің үні жарияланған болатын. Осы ретте назға құлақ түрген Төлегендеріміздің пікірі мынадай.

Бүгінде ел арасында қазақ қыздары туралы әр түрлі алып-қашпа әңгімелер көп. Оларды кешегі Қыз Жібек пен Ақжүніс сияқты арулармен салыстырады. Салыстаралыдағы Қыз Жібектей көрікті, Ақжүністей ақылды қыздар азайған деп таразылайды. Қос бұрымы жоқ, сәу-келесі сайланбаған сұлуларды шылым шегіп, ашық киінеді деп сөгеміз. Сосын бар пәлені заманға артып, өкпе-назымызды жаһанданған жаңа ғасырға жүктейміз. Кешегі сол сұлуларды көріп келгендей-ақ: «Шіркін, олар дегенің нағыз сұлу, періште еді ғой!» деп тамсанамыз. Сонда не бүгінгің қыздары сұлу емес пе, жок, әдепсіз, ибасыз ба? Ойлап қарар болсаңыз, Шұғадай қылықты, Тоғжандай арлы арулар жетерлік. Ортаға қарай жарасымды жеңілдеу киінгеніне қарап, басқаша пікір айту мүлде қате! Қалай киінсе де ары таза қыз болса, сол жетпейді ме? Онымен қоса шүберек адамның көркі екендігін ескерер болсақ, заманға сай киіну орынды болар. Біз көпке топырақ шашып, көктүтінге тұншыққан теріс қылықты қыздарымызды айтып қана ауызымызды қу шөппен сүртер болсақ бәрінен де құр алақан қаламыз. Оның орнына саясатта, билікте, бизнесте, ғылымда жүрген қаншама аруларымызбен неге мақтан-басқа? Бесік пен бірге билікті тербету оңай шаруа емес. Ерінің бабын тауып, отбасының мерейін үстемдетіп отырған аналарымызды түгендеп тізер болсам саны жетіп артылады. Неге осы тұсты жарияламасқа?! Бұл аруларымыздың барлығы кешегі намысты қыздардан кем емес. Олардың да жүрегі мейірім мен махаббатқа толы. Оған сіз бен біздің аналарымыз, қарындас, әпкелеріміз дәлел болмақ. Қоғамда аналар «құрыды» десеңіз, онда бүкіл қазақ ұрпағы жойылғаны. Ал бірақ біздер ұлағатты қазақ ұрпағы кешегі асылдардың жолын үзбей жалғастырып келеміз емес пе? Бұл көріністен әйел затының үлесін байқаймыз. Қоғамда ер азаматтар есті болса, ол да нәзік жандылардың тәрбиесі. Себебі, «Отан отбасынан басталады» деген қанатты сөзді ескерсек, онда отбасының басты ұйтқысы ол — АНА! Аналарды кешегі бүгінгі деп бөлудің еш реті жоқ. Кешегі, бүгінгі деп бөлгендегі айырма тек нәзік жандылардың ерлермен бірдей еңбек етіп, қоғамға тең араласып жүргені ғана. «Қыздың қылығы түзде, ұяты үйде» деген сөз бар. Бұл қағида кеше де, бүгін де бар. Тарихта ерлерлі батыр, би, хан еткендердің бәрі әйел аналар. Онда бүгінгі қыздарымызға сын айтудың еш қажеті жоқ. Тәрбие отбасының болса, тамыры текті қазақтың қай қызын болса да жақсы жар, ұятты қыз етіп баулу өз қолымызда. Есті елдің ербілекті жігітінің ақылды жарын өз ортамыздан табамыз десек, ұлттық ұятымыз бетімізде тұрғанда қыздарға жалған күйе жаға бермейік. Қазақтың қайсар азаматтары, ұрпағының тәрбиешісі өз қасында жүргенін ұмытпа. Ол — Қазақ қызы! Алығты да, дананы да, ғалымды да өмірге өкелер қыздарымыздың көңіліне көлеңке түспесін. Көлеңкенің орнына күн орнату азаматтардың мойнында. Қыз баланың жарқын жүріп жыламауы, намысының құламауына жігіттер жауапты.

Жарас КЕМЕЛЖАН,  
журналистика факультеті, 3-курс

Дәстүр

Сезімімді жеткізер «селтеткізер»,  
қош көрсең, ұяң сұлу,  
«ұйқыашар» бер...

Қазақ даласында көктем 8-наурыз халықаралық әйелдер мерекесі, 22-наурыз Ұлыстың ұлы күні сияқты әдемі мерекелермен ұласады. Сондай-ақ біріміз білсек те, біріміз көңіл бөле бермейтін тағы бір мейрам да осы айдың еншісінде. Ол Ғашықтар күні, жастар мерекесі.



Дүниедегі ең ұлы нәрсе — Махаббат! Сезім! Өмірдің мәнділігі — Махаббаттың мәңгілігі. Дүниенің берік тұтқасы сенім. Қазағым киелі ұғымға күйе түсірмеген. Тіпті тәрбие мен үлгіні қатар өрген ұлттық ойындарымыз сайын дала жастарының адал махаббаттарына себепші болған. Айлы түндегі ақсүйек, өн шырката тербетілген алтыбақан серілеріміз бен бойжеткендеріміздің сырларын үнсіз ұғындырған емес пе? Қай кезде де мінезі табиғатпен үндес жатқан қазағымның Ғашықтар күні де жылдың ең жайма шуақ мезгіліне сай келеді. Қыстың қаһары қайтып, адам көңілінің көтерілген шағында ғашықтардың да көңілі асқақтай түседі. Осындай айтулы күндердің бірі — 21-наурыз. Бұл күн — бойжеткен мен бозбала мейрамы. Яғни ғашық жүректердің үндесіп, сезімнің сараланатын мерекесі. Аталған күні қыз-жігіттер бір-біріне деген ыстық сезімдерін жеткізуге себеп табады. Мәселен, бұл күні серілеріміз өз қалауындағы аруларға арнап «селтеткізер» сыйлаған. Сыйлық негізінен айна, тарақ, иісудан тұрады. Бұл сыйлықтар жастар арасындағы сезімнің куәсі болмақ. Дәстүрлі сыйлықтағы айна — пәктік пен жастықтың, тарақ — әдемілік пен сұлулықтың, иісу — бүршігін жаңа жарған жауқазындай

жайнай түсудің белгісін белдіреді. Ал бұл тамаша тартуды көңіліне қош көрген аруларымыз «селтеткізер» иесіне арнап «ұйқыашар» аталатын ерекше дәм дайындайды. Қыздың махаббатынан белгі беретін бұл тағам құрамы соғымның соңғы етінен және уыздан әзірленеді. Осы сәттен бастап жастарымыздың шынайы махаббатына жол ашылып, достық көңілдері нығайа түспек. Ұлыстың ұлы күнінде жаңа жылымызды қарсы алумен бірге жастарымыздың өмірлері де жаңаша бастау алмақ.

Қазақ халқы — дана халық. Астарлап, жұмбақтап тіл қатысатын қазақ ұрпағы үшін бұл мерекенің тәрбиелік мәні де ерекше. Өзге ұлт тәртізді сезімді «жар салып», «айғайлап» жеткізбей-ақ осылайша әдеппен, сыпайылықпен жеткізу әлдеқайда ұтымды. Жасыратыны жоқ, бүгінде бұл мереке ұмыт қалған. Ендеше, өзге елдің Валентинін өулиелеткен жастар осы дәстүрді неге жаңғыртпасақ?! Бұл ұсынысқа болашақ журналист Айнұр Дастан мынандай пікірін жеткізді: «Наурыз күн мен түннің теңелуі, жаңа күннің басталуы ғана емес. Бұл күн көңілге жыр, сезімге гүл сыйлаған қыз бен жігіттің бір-біріне сезімін жеткізер күні.

Оқулықтан ғана оқып, куә болып жүрген «Ұйқыашар», «Селтеткізер» дәстүрі алдағы уақытта да жалғасын тапса екен. 21-наурызды «Ғашықтар күні» деп жариялап, мерекелік сыйлықтар дайындалса, бұл күн жастар арасында жоғары дәрежеге ие болар еді».

Шынымен-ақ өз дәстүріміздің ұтымды жағы тұрғанда несіне өзгені жарылқау қа... «Ұйқыашар», «Селтеткізер» сияқты бағалы құндылықтарымызды құрметтесек ұтпаймыз ба?! Махаббат сыйлығының тарту етілгенін үнсіз түсіну ғанибет емес пе?! Енді өзіңіз саралаңыз... Көше ортасында сезім жеткізген қандай? Дастархан басында ас ішіп, сыйлық алған қандай? Қазақта «дәм-тұзымыз жарассын» деген әдемі сөздің де астары осыдан шықпаса кім кепіл. Дәм-тұзы жарасып қосылған ортада отбасының ажырасуы да болмас еді. Төменде ҚазҰУ жастарының сезімін жырға қосқан «селтеткізерін» және ұяңдығын «ұйқыашармен» өрлеген жүрек жарды лебіздерін қысқартып ұсынып отырмыз.

«Селтеткізерін» сыйлаған серілер:  
Бауыржан ӘЛІҚОЖА, журналистика факультеті, 1-курс:

...Аққудай айдындағы тербетілген,  
Айналым ару қыздар келбетінен.  
Сендер сұлу сендерден өткен сұлу,  
Табылмас мынау байтақ жер бетінен!  
Олжас ҚАСЫМ, журналистика факультеті, 1-курс:

...Жымындасан қабағыңнан мұң қашар.  
Домбырасыз көкірегімде күй тасар.  
Көктем келді, кірпіктерім ұйқышыл.  
Сыйға тартшы ұяң ару ұйқыашар.  
«Қазақ қызының» ұйқышары:

Естисіз бе ғашығым!!! Бұл өмірде махаббатсыз дүниенің бос екенін сен де, мен де жақсы білеміз. Тіпті барлық адамдар осы ұғымға бас иетіні анық қой. Бойдағы нәзіктік, ғашықтық секілді тамаша сезім сырлардың барлығымызды бей-жай қалдырмасы белгілі. Шынымды айтар болсам, студенттік жылдардың алғашқы белгісі ретінде бір өзіңнің бейненді жүрегіме ұялаттым. Кездейсоқ сәттегі түскен кеуіміздің әдемі суретіміз менде сақтала берсе ме, әлде «ұйқыашар» ретінде өзіңе тапсырсам ба?! Жо-жок. Ол болмас. Қазақ қызы ешқашан сезімін сыртқа шашпаған ғой. Мен ол дәстүрден аттай алмақ емеспін. Сен болашақ жазушы, не өнер адамы боларсың, сол сәтте мен сенің өнеріңе табынып, сырттай бақыт тілеп қала берерім анық. Қазір де солай, жиі көрмесем де айына бір көріп қаламын. Сол маған үлкен бақыт. Сенің сүйгенің бар, оны білемін. Бірақ та «Ғашықтар мерекесінде» сезімім іште тұншықпайыншы деп хат жазып отырмын. Бір күн болмаса, бір күні хат пен сурет өз иесін табар. Ішкі сырды ашпай, мәңгілік сақтағысың...

Саяғұл ҚАБЫЛБЕКҚЫЗЫ

Алаштан қалған асыл сөз

АНА

«Ана» деген сөз адам баласының құлағына қандай жағымды, көңіліне қандай сүйкімді сөз! Кірлі көйлек кигізбеген, дәмсіз тамақ жегізбеген, ыстыққа күйгізбеген, суыққа тоңғызбаған, қатты жерге жатқызбаған — сол сүйікті ана емес пе? Соның үшін ананың хақы балада көп болмақшы. «Ұжмақ аналардың табандарының астында» депті.

Ана дүние күтуде, бала тәрбиелеуде ердің жәрдемшісі колқабысшысы, ердің қуанышы, қайғысын бірдей көтеру-

шісі. Бұл сүйікті ғазиз ана бала тәрбиелеуде атадан анағұрлым артық деп Европа жұрттарының даналары айтады. Аналардың

бала тәрбиелеудегі артықшылығы, бала тәрбиелеудің бас тізгіні ана қолында болатын болған соң сол аналардың өздерінің де тәрбиелі болмағы тиіс болып табылады. Дүние тіршілігінде басқа жұрттардан кейін қалмасақ, аяқ астында тапталып кедейлік тұзғынына ілінбеске адам баласының барлығы да жаны ұртына тығылып дамыл таппай қимылдатып жатқан мынау тар заманда бір үйдегі бір ғана еркектің өліп-талып тапқан табысы бір үйлі жанды асырауға жеткілікті болмай-тұғын болған соң, тіршілік қамын қарастыруға мұқтаждықпенен алысуға Европа жұрттарының

әйелдері де араласып қол қабысшы көтермекші болып жатыр. Әйел сен соққан балықтай мең-зең болып қалмайды, өзінің нәм жетім қалған балаларының жұрт болу қамын қарастырады. Дүниесін күтеді, баласын тәрбиелейді, сөйтіп бесон жылдан соң ұлын ұяға, қызын қияға қондырған болып шыға келеді. Біздің жұрттан да бірлі-жарымды жазылған Европа әйелдеріңдей жесір қалғанменен дүниесін күткен, балаларын дұрыстап баққан «ұлын ұяға», «қызын қияға» қондырғандар да табылады...

Би баласы  
1913жыл, №1 «Айқап»



■ Талқы

# ЖЕМҚОРЛЫҚ – ЖЕГІ ҚҰРТ

Елдімізді нықтап, қоғамымызды келбеттендіре түсу үшін ішкі тұрақтылық пен қауіпсіздік басты орын атқармақ. Қауіпсіз қоғам – дерттен ада, жемқорлықтан таза салауатты мемлекет. Алайда тұсауы жаңа кесілген сәбидің бағырға қадам басыуы бірден қалыптаспайтыны бізді мемлекет те даму жолында бірнеше «ақпақпалы, соқпақсыз» жолдарды бастан өткермек. Ал осы жолда соқпақ сүрлеуде шаң қаптыру оңай шаруа емес. Десек те, Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың қоғамды ілгері дамытып, бәсекеге қабілетті мемлекетті қалыптастыруға бағытталған жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауы елдіміздің әр танын арайлы етіп, демократиямызды дамытуға үлес қоспақ. Бұл құжатта Елбасы нақты тапсырмаларды талап етіп, көңілге қонымсыз кемшіліктерді болдырмауға үндейді. Елбасының пайымдауын-

ша, демократиялы қоғамды нық қалыптастыру үшін ерекше көңіл бөлетін өрекет – қылмыс пен сыбайлас жемқорлықты жою. Осы Жолдауда аталғандай өткен жолдармен салыстырсақ, азаматтарымыздың өмірі мен құқықтарын қорғау біршама нәтиже берген. Дегенмен, елеулі кемшіліктердің орны әлі осайрап тұрған көрінеді. Бұл ақауды арқау еткен Елбасы құқық қорғау және сот жүйесі органдарының мамандарына заңға қайшы өрекеттерді болдырмау шараларын қатайтуды талап етті. Сонымен қатар, «Құқық бұзушылықтардың алдын алу» туралы заң жобасын әзірлеп, Парламентке енгізу қажеттігі де бұл үндеудің басты басымдықтарының бірі болды. Осы талап темірдей төртгіппен таразыланар болса, заңды аттап жемқорлық пен нашақорлыққа «қанат бітіріп» жүрген қоғам мүшелерінің де қателіктері жойылары сөзсіз.



Бүгінде қоғамымыздағы жемқорлық пен нашақорлардың өрісін «кеңейтіп» отырғандар да осы құқық саласы мамандарының өз істеріне беріктігі ауадай қажет. Осы орайда ҚазҰУ-дың болашақ заңгерлері өз жауапкершіліктерін анық түсінгендей. Қасиетті қарашанырақтағы заң факультеті деканының тәрбие жөніндегі

орынбасары Уалихан Ахатов студенттермен аталған сала бойынша бас қосу өткізді. Өз шәкірттерінің көзқарасын тыңдап, болашақ мамандардың Президент Жолдауына қосар үлестерімен бөлісті. Адамзат құқығы мен қоғам заңдылықтарының орынды атқарылуын қадағалайтын заңгерлердің пікірлері былайша тоғысып жатты.

## Әділ АЙБЕКОВА, 3-курс студенті

Жемқорлық ол жеті басты айдаһар сияқты, бір басын кессен, екінші басы шығады. Ал жемқорлықтың алдын алу біздер, яғни студенттердің де қолында. Жемқорлықты толығымен жою үшін заңи сауатты, мәдени сананы, ар-ұятты қалыптастыру керек. Қызмет жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық туралы жазбаша мәліметтердің ең алғашқыларын Көне бабырдың б.з.д. XXIV ғасырдағы мұрағаттарынан көруге болады екен. Ендеше бұл айдаһар бүгін ғана пайда болған жоқ. Десек те, студент, жемқорлықты жою сенің қолыңда! Өз еңбегіңнің жемісін таза жолмен тап. Сыбайлас жемқорлықсыз жаңа буынның қатарына қосыл!

## Аңсаған АРОНОВ, 2-курс студенті

Елбасымыздың Жолдауында басты назар аударылған елеулі мәселелердің бірі – нашақорлық. Нашақорлық бүгінгі таңда есті жұртты аландатып, қоғамның қатерлі дертіне айналып отыр. Бұл зұлматпен күре-

судің қаншама әдіс-тәсілдерін пайдалансақ та нәтижесіз қалып қоятыны өкінішті. Әлбетте бұған пессимистік тұрғыда қарамай күрес жолдарын күшейте түсу керек. Қоғамымыз оң бағытта дамып, көркейсін десек, ең алдымен жас буынның арасында тәрбиелік шараларды көптеп жүргізуді қолға алған жөн. Айталық өзін-өзі тану және салауатты өмір салтын қалыптастыруды қадағаласақ, өскелең ұрпағымызға алаңсыз өмір сыйларымыз сөзсіз. Алаңсыз болайық десеніз, қазірден бастап қимылдайық ағайын!

## Жаннұр ЗАРЫПОВА, 1-курс студенті

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың жыл сайынғы жолдауы Қазақстан халқына жаңа бағдар беріп отыратын бағдарлама іспеттес. Осы жылғы үндеу де өзінің оң бағасын алған сияқты. Жыл сайынғы Жолдаудың нәтижесі ретінде үлкен мақтаныспен айтуға болатын саяси жеңіс – Қазақстанның 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі. Бұл ТМД және Орта Азия мемлекеттері арсынан суырылып

алға шыққан еліміз үшін үлкен той. Бұл Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың өлем қауымдастығындағы үлкен беделге ие екендігінің жемісі.

## Артықбай БОЛҒАНБАЕВ, 3-курс студенті

Жемқорлық бұл менің пікірім бойынша қоғаммен бірге жүріп отыратын құбылыс. Қоғам қаншалықты дамыса, ол да түрлі жолдарда пайда болып отырады. Жемқорлық бұл көбінесе капиталистік қоғамда орын алады, біз де ол қоғамға кірдік. Бұл мемлекеттің өсіп-өркендеуі үшін аса қауіпті. Алдын алуымыздың бірден бір жолы халықты имандылыққа тәрбиелеу.

## Бауыржан АЛДАНИЯЗОВ, 2-курс студенті

Кешегі өткен Президент Жолдауында жалғасын тапқан түйткіл мәселе – сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес. Жалпы қазақ елі ТМД мемлекеттерінің ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу жөнінде заң қабылдаған бірден бір мемлекет. Десек те, бұл кеселдің

тамырын жайып, бекініп алғаны соншалық, ауыздықтатар емес. Ол үшін мұндай құбылыстың қанат қағуына әсер ететін тамыр-таныстықты жою керек. Азаматтардың құқықтық саяси сауаттылығын арттыру қажет.

## Эленора НҰРАХМЕТ, 3-курс студенті

Сыбайлас жемқорлық пен нашақорлық бұл тек қазақ қоғамы үшін емес, бүкіл әлем үшін көкейтесті мәселе. Нашақор ағзаны ұласа, жемқор қоғамды ұлайды.

Елбасы Жолдауында немесе басқа да бағдарламаларда айтылатындай, жемқорлық дамуды тежеуші болып табылады. Бұл кезекте пара алған адаммен бірге пара беруші де кінәлі. Менің өмірде ұстанатын үш заңдылығым бар. Олар Алла заңдылығы, Қоғам заңдылығы, Мемлекеттің жазылған заңдары. Бірақ менің ойымша, алдымен адам өз иманына жүгінуі қажет. Нашақорға айтарым, өз өмірінді қысқартпа! Жемқорға айтарым, қоғам өмірін қысқартпа!

**P.S.** Міне әділетті тү өтер болашақ заңгерлердің пікірлері осындай. Төле бише тіліп, Қазыбектей қазып айтатын әділетті құқық мамандары өз қызметіне деген жауапты университет қабырғасынан сезінер болса, болашақта жемқорлық пен сыбайластық та қылаң бермейді. Елбасы Жолдауындағы құқық саласы қызметкерлеріне жүктелген міндеттерді ҚазҰУ-дың заң факультеті білімгерлері асқан жауапкершілікпен сезінетіндіктерін жүрек жарды пікірлерінен-ақ аңғаруға болады. Бүгінгі студент ертеңгі жерұйықты орнататын маман иелері. Қатаң заң талап етілген жерде, адам иманы қанат жайған кезеңде ешбір жауыздық біздің қоғамымызға ене алмайды.

Бауыржан БАТИХАНҰЛЫ,  
заң факультетінің 3-курс студенті

27 наурыз – Халықаралық театр күні

# БІЗ жанбасақ лапылдап...

«Адастандар!», «Т(ой)» - аты да заты да атан түйеге жүк болар тақырыптар. Қоғамның көкейігін тесер көлеңкелі тұстарын кестелеген гүниелер. «Әй дейтін әжесінен, қой дейтін қожасынан» айтылған қазақтың «Тек!» тейтін тектілерінен қалған тағылымын тұмар қылған туындылар. Сондықтан болар «Біз» театрының аталған спектакльдері сусап отырған рухани тамырға нәр болды. Күнделікті көз көргенді көңіл таразысына салды. Көрі де жас та сол себепті өмірдің өзіндей шынайы қойылымдарды көруге асықты. Осы орайда көрермен көкейіндегі сауалдарды қара шаңырағымыздың «Біз» республикалық студенттер театрының режиссері Ғалымжан Сайлаубековке қойған едік.



жүр. Жуырда «Біз» театрының қатысуымен «Ғасыр жанғырығы» деген жана бағдарлама жарыққа шықпақ. Мұндай шаралар студенттердің актерлік шеберлігінің, қара шаңырағымыздың беделінің артуына өз үлесін қосары анық.

-Талапкерлерге қояр талабыңыз...

-Ең бастысы театрға танымал болам, ақша алам, пайда көрем деп келмесе екен. ҚазҰУ-дың шын патриоты, елінің ұлтжанды азаматы ретінде талпыныс танытса деймін. Қалғанын өзіміз жасап аламыз.

-Әрине группадағы әрбір ойыншының өз орны бар. Дегенмен араларында образды ашу шеберлігі жағынан ерекшеленетіндер болады. Солар туралы айтсаңыз.

-Қазір бізде екі құрам: ағалар-әпкелер, інілер-сінділер. Театрды құруға атсалысқан толқынға келер болсам, органика, көру, ішкі түйсік, актерлікке қоятын талап жағынан Нұрбек Түсіпхан («Адастандар» Студент, «Т(ой)» Асаба жігіт ролдерінде) басымырақ. Ал

ізденіс тұрғысынан, рөл сомдаудағы талпынысы жағынан Жарас Кемелбек («Адастандар» Әзәзіл, «Т(ой)» Күйеу жігіт ролдерінде). Ал аталған екі қасиетті қатар алып жүрген Венера («Т(ой)» Ана ролінде). Құдай бере салған талант бар Ермұхамет те («Т(ой)» Алқаш, «Адастандар!» Жігіт ролдерінде) дарынды жігіт. Еңбек сүйгіш, қажымайтын Ерболмыз бар. Манасты айтсам, («Адастандар!» Білімнің ролінде) бойына біткен табиғи тазалығымен ерекше. Театр десе жанын беретін, патриот Карлығаш, Ақтоты атты қыздарымыз бар. Мәдинада («Адастандар!» Гуля ролінде) талант бар, еңбектенсе, тіпті тамаша болар еді. Жалпы әр балам сайдың тасындай. Ал екінші құрамды өзiрге құпияда ұстайын. «Бағдаршамды» көргенде өздеріңіз баға бере жатарсыздар.

-«Біздің» қызығы мен шыжығы...

Қызығы сол – балалар сабақтан кейін аш келеді. Сөйтіп ортадан ақша шығарып, бір бөлше нан мен майонез алып, жеп аламыз. Кейде сахнада сөздерін ұмытып қалады. Қызық қой, студенттердің ортасы. Шыжығы сол – кейде студенттер шаршайды. Сессия, рубежка... Ұстаздары ренжиді. Театр эстетикалық өнердің шоқтығы ғой! Студенттеріміз «Біз» театрын биікке көтеріп алды, енді сол биіктен түсіргілері келмейді.

-Тышқан жылы театр қандай жоспарлар құрып отыр?

-Айтып өткенімдей жақын арада, «Бағдаршам» деген спектакльді көрермен назарына ұсынбақпыз. «Адастандарда» өздерінің болмысына жақын ролдерді ойнаса, ендігі спектакльде керісінше қарама-қарсы мінез-құлықтағы кейіпкерлерді сомдамақ. Мамыр айына қарай махаббат жайлы қойылым дайындап жатырмыз. Классикалық дүниелерді қолға алсақ, «Ревизорды» сахналасақ деген ойымыз бар. «Арық айтып семіз шық» дегеніміз, өзiрге осы.

-Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Жанар ЕЛДЮСКЫЗЫ

- Алдымен «Біз» деген атау жайында сөз қозғасақ...

- Театр құрылғаннан кейін, оның атауын кейінге қалдырып, бірден қойылымды бастап кеттік. Спектакль лайын болғаннан кейін, әр бала үйден екі-үш атау ойлап келетін болды. Бірі «Бойтұмар», бірі «Руханият мектебі» деп те ұсынып жатты. Сол арала «Біз» деген сөз қайта-қайта аузымызға орала берді. Себебі, барлығының көкейінде «біз жанбасақ, біз айтпасақ, біз оянбасақ, біз өркеніетке ұмтылмасақ, кім ұмтылады» деген идея болды. Сонымен қатар, «біз» дегенде эгоистік мағына жоқ, әрі көпшілікті бірлікке, ынтымаққа шақырып тұрған ұғым. Заттық тұрғыдан алғанда да «біздің» қызметі мақсатымызбен үйлесім тауып тұрды.

- Студенттік театр бағыт-бағдарының өзегі неде?

-Басқа театрлардан ерекшелігіміз шығарманы студенттер жазды, пікірлеседі, дауласады, сөйтіп сценарий туды. Себебі қазіргі қоғамның қайнаған ортасында жүрген студенттердің өздері. Театрдың құрамындағылардың көпшілігі филологтар болғаннан соң, сөздің цензурасына көп мән береміз. Оны міндетті түрде профессор Н.Омашев тексереді. Ал енді театр репертуарының басты мақсаты неде десеніз, тек

қана мәселені қозғай бергіміз келмейді, бірақ оны айналып өте алмаймыз, себебі қазіргі заманда алдымен театр өнер ошағы болуы керек деп айтылып жатқанымен, ондай биікке көтерілуге өзiрге ертерек. Студенттің айта алмай жүрген ойларын сахнаға арқылы жастарымызды келеңсіз қылықтардан аулақ болуға шақырамыз. Негізгі тақырыбымыз – студент жастар. Сондықтан, өзiрше мақсатымыз – тәрбие құралы болу.

- Студенттерді актерлік шеберлікке баулу қалай жүзеге асып отыр?

Біздікі халық театры. Ешқайсысының кәсіби білімі жоқ. Студенттерді алып шығатыны олардың бәрі кезінде актер болуды армандағандар. Ең бастысы талпыныс. Кейде студенттерге сахнада ауыр тиіп жатады. Актерлік өліпнені басынан оқытуға тура келеді. Ең бірінші талап ететінім шынайылық. Сахнада ойнамау керек, өмір сүру керек.

- «Біз» театры телевизиялық жобаларға атсалысып жатыр деп естиміз...

-Иә, «Алматы» телеарнасы мен ҚазҰУ басшылығының арасында келісім бар. «Өсиет» деген діни бағдарламада хадистегі оқиғаны қойылыммен көрсетеміз. Балаларымыз «Шабыт шыңы» атты поэзиялық тележобадан да көрініп





■ Университет тарихы

## ЖЕР БАЙЛЫҒЫН ЕЛ БАЙЛЫҒЫ ҚЫЛҒАҢДАР

**«Жері байдың елі бай» демекші еліміз егемендік еншілеген тұста асты-үсті қазынаға толы қазақ жеріне әлемнің алпауыт мемлекеттері көз тіккені белгілі. Осы орайда, кезекті «Университет тарихы» айдарында ел игілігіне қызмет етер мамандар дайындауда өз үлесін қосып келе жатқан география факультеті жайлы сыр шертпекпіз.**

1947 жылы геология-география атты екі бөлімнен құралған география факультеті болатын. Алғашқы білім сатысы факультетке қабылданған 50 студенттен бастау алады. 1954 жылы факультетте алты кафедра есепке алынды: жалпы геология, физикалық география, минерология және кристаллография, пайдалы қазбалар орны, мұнай және газ. 1956 жылдың басында факультеттегі геология бөлімі жабылып, жаңа география атауын алды. Факультет деканы география ғылымдарының докторы, доцент В.Г. Сальников. Қазіргі уақытта факультет 1040 бакалавр және 46 магистрантымен толығып, білім бағытына нық қадам басуда. Бүгінгі күнде факультет құрамында жеті кафедра жұмыс жасайды. Олар: физикалық география, экономикалық, әлеуметтік және саяси география, геоморфология және картография, метеорология, геоэкология және қоршаған орта мониторингі, метеорологиялық лабораториялық-оқу орталығы және туризм кафедралары. Барлық мамандық қазақ және орыс тілдерінде білім дарытады. Оқу процесі жоғары білікті 101 оқытушының қызметі арқылы сапалы жүргізіледі. Олардың құрамында ғылым докторлары мен ғылым кандидаттары, практик-мамандар бар. Барлығы мамандықтарына сәйкес базалық білімге ие. Факультеттің профессорлық-оқытушылық құрамы 101, олардың ішінде штатта – 12, ғылым кандидаттары, доценттер және аға оқытушылары – 41, олардың штатта жұмыс істейтіндері – 38. Көп жылдар бойы білім беріп, ел мақтанышына айналған

ұстаздар, қауымы да сырт қалмақ емес. Атап айтар болсақ, география ғылымдарының докторы, профессор 2001-2004 жылдар аралығындағы факультет деканы болған Баймырзаев Қуат Маратұлы, гидрология кафедрасының профессоры Р.И.Гальперин, физикалық география кафедрасының меңгерушісі, профессор Г.М.Жаналиев, география ғылымдарының кандидаты Д.Қ.Жүсіпбеков, А.Р. Жұмалинов, М.М. Молдахметов, З.М. Абишева, А.Ф.Көшімова, Н.Н.Керімбай, Ш.М.Н.адыров, Р.Т.Бексеитова, Р.Г.Абдрахимов, В.С.Чердниченко, Е.А.Таланов, С.Р.Ердаулетов, Т.П.Шишкина сынды тамыры терең білім бағбандары. Факультетте үш компьютерлік класс жұмыс жасайды, 28 жаңа компьютермен жабдықталған. Олардың екеуі орташа және жеткілікті қуатты 18 компьютермен осы оқу жылында картография бөліміне арналып ашылды. Факультет студенттері кафедраның ғылыми және қоғамдық жұмыстарына белсене қатысады. Олар: Г.Абдигарова, А.Мұңайтпасова, А.Талғатова, Н.Жасағанбергенұлы, А.Зурбаев, А.Баубекөв сынды өрендер мен 9 президенттік стипендия иегерлері бар екенін айта аламыз. Студенттер өндірістік тәжірибе барысында, Қазақстанның қазба жұмыстарын игеруге, Шарын шатқалы секілді табиғаты тұнып тұрған аймақтарға арнайы барып, білім дәрежелерін кеңейтуге әрдайым құлшыныспен қатысып отырады.

(жалғасы келесі санды)

■ ҚазҰУ қыраны



### НАРЫМБЕТОВ БАҚЫТЖАН ХАБЕРҰЛЫ

**Туған жылы:** 04.08.1986 жыл  
**Туған жері:** Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы  
**Білімі:** БҚМУ жанындағы облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернаттың үздік түлегі, Философия және саясаттану факультеті саясаттану мамандығының үздік түлегі, қазірде «Саясаттану» мамандығының 1-курс магистранты  
**Қызметі:** 2005-2006 жыл. Философия және саясаттану факультеті студенттік кеңесінің мәдениет секторы, студенттік сенаттың мүшесі, «Жасыл Ел» Алматы қалалық штабының жобалар үйлестірушісі; 2006 жыл қыркүйек-қараша. ҚР Президенті жанындағы Қазақстан Стратегиялық зерттеу институтының практиканты; 2007 жыл наурыз-қазан. «Жасыл Ел» Алматы қалалық штабының PR-менеджері, 2007 жыл мамыр-желтоқсан. Қазақстан жастар Конгресі Алматы қалалық өкілдік атқарушы директорының орынбасары; 2007 жылдың қазан айынан «Жасыл Ел» жастар еңбек жасақтарының республикалық штабы Алматы қалалық филиалының жетекшісі; 2007 жылдың қараша айынан «Тілді саясат орталығы» ҚБ-нің төрағасы; 2008 жылдың қаңтар айынан Қазақстан жастарының Конгресі Алматы қалалық өкілдігінің атқарушы директоры;  
**Жетістіктері:** 2003 жыл. «Қазақстан тарихы» пәнінен оқушылардың облыстық олимпиадасының жеңімпазы, республикалық оқушылар олимпиадасының қатысушысы; 2004 жыл. Университет көлемінде өткізілген «Жастар: ғылыми шығармашылығы мен жетістіктері» атты 58-ші Ғылыми студенттік конференциясының 3 орын иегері; 2005 жыл. Тәуелсіздік күні қарсаңында мәдени қоғамдық іс-шараларға белсене ат салысқаны үшін университет ректоры, академик Т.Ә.Қожамақұлов атынан алғыс хат иегері; қараша айында өткен Халықаралық студенттік өзін-өзі басқару ұйымдары Форумның қатысушысы; 2005-2006 жыл. Алматы қаласы жастар мемлекеттік қызмет мектебінің саясаттану мамандығы бойынша үздік диплом иегері; 2006 жыл. «Жасыл Ел» бағдарламасын жүзеге асыруға белсенді қатысқаны үшін республикалық штабы жетекшісінің мақтау қағазының иегері, Алматы қаласындағы табиғатты қорғауға бағытталған жобаларды белсенді жүзеге асырғаны үшін Табиғи ресурстар Департаменті директоры атынан алғыс хат иегері; 2008 жыл. Қазақстан жастар Конгресі Кеңесінің мүшесі, Қазақстан кәсіподақтар Федерациясы Жастар Кеңесінің мүшесі;  
**Жоспары:** Әмірде жан-жақты даму, білімді шыңдау  
**Максаты:** Елін сүйетін, елі сүйетін азамат болу  
**Отбасылық жағдайы:** үйленбеген  
**Қызығушылығы:** тарихи романдар мен криминалды детективтер оқу, бильярд, футбол, баскетбол, интернет

■ ҚазҰУ қызғалдағы

■ Фотоэтиюд

МАМЫРЖАННЫҢ ФОТОСЫ

Жұлдызым,  
 Жүзіңе күлкі үйірген  
 Арайлы кірпігіңмен  
 Бір ұшқын шашып өттің,  
 Сөйттің де  
 ашық еттің.

Исраил  
 САПАРБАЙ



Дашара  
 АХМЕТОВА  
 Филология факультетінің  
 2-курс студенті

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

**АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

Т.Ә. ҚОЖАМҚҰЛОВ – ректор;  
 Н.ОМАШҰЛЫ – проректор;  
 Б.Ө.ЖАҚЫП – декан;  
 М.Т.МҰҚАШЕВА – «Парасат» кәсіподағының төрайымы;  
 Е.Н.СИДОРЕНКО – ақпараттық-сараптамалық бөлімнің бастығы  
 Ғ.СЕРІМ – студенттердің «Сұңқар» кәсіподағының төрағасы.

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Бас редактор – Дәрмен СМАЙЫЛ;  
 Жауапты хатшы – Дарига АМАНГЕЛЬДИЕВА;  
 Бөлім меңгерушілері – Жанар ЕЛДОСҚЫЗЫ, Уәлі ҚЫДЫРОВ;  
 Кезекші редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА, Жанат ҚАСЫМБЕКОВА  
 Көркемдеуші-беттеуші – Талғат АХМЕТҚАЗЫҰЛЫ;  
 Фототілші – МАМЫРЖАН;

**МЕКЕН-ЖАЙЫ:**

480078, Алматы, Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
 Байланыс телефоны: 47-29-29, ішкі: 11-94, тікелей: 47-05-67.  
 Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Бизнес Информ» баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.

Бағасы келісім бойынша. Таралымы – 1000 дана. Көлемі 2 б.т. Индексі 65989. Тапсырыс 364

- Жарияланған мақаладағы автор шікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.